

1984-1993 жылдары туылған Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 51 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 08 сәуірде 2069 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы N 71 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2012.03.28 N 71 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20, 23-баптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 1163 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы N 250 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында он сегіз және жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтік белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың әскери қызметке шақырылуын ұйымдастырып, қамтамасыз етсін.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау үшін Алматы облысында шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Талдықорған қаласының әкімі (С.Е. Жылқайдаров) облыстық жинау пунктiне мерзiмдi әскери қызметке шақыру кезеңiнде 5 (бес) техникалық қызметкердi бөлсiн.

4. Облыстық қорғаныс iстерi жөнiндегi департамент (М.Дарманқұлов келiсiм бойынша) көктемгi шақыру бойынша осы қаулының орындалу барысы туралы Алматы облысының жұмылдыру дайындығы, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алу және жоюды ұйымдастыру басқармасын 2011 жылғы 20 шiлдеге дейiн және күзгi шақыру бойынша 2012 жылдың 20 қаңтарына дейiн хабардар етсiн.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкiмiнiң бiрiншi орынбасары А. Баталовқа жүктелсiн.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

<i>Алматы облысының әкiмi</i>	<i>С. Үмбетов</i>	
1984 - 1993	жылдары	туылған
Қазақстан		Республикасының
азаматтарын	2011	жылдың
сәуiр-маусым	және	қазан-желтоқсан
айларында	әскери	қызметке
кезектi	шақыру	туралы
Алматы	облысы	әкiмдiгiнiң
2011	жылғы	24
N	51	наурыздағы
қосымша		қаулысына

Алматы облыстық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Комиссия Дарманқұлов М.И.	төрағасы:	- Алматы облысы қорғаныс істері жөнiндегi департаментiнiң бастығы
Комиссия орынбасары: Салагаев С. Ю.	төрағасының	- Алматы облысы жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы
Комиссия мүшелері:		
Нүгербеков Қ.Б.		- Алматы облысы ішкі істер департаменті орынбасары
Перкин С.И.		- Алматы облысы қорғаныс істері жөнiндегi департаментiнiң

	облыстық бақылау комиссиясының төрағасы	дәрігерлік
Фетгер Н.Н.	- облыстық комиссиясының хатшысы	шақыру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК